

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық
консилиум ережесі**

**Положение о психолого-педагогическом консилиуме в
организациях образования**

Астана
2016

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 18 қарашадағы №10 хаттама).

Рекомендовано к изданию решением ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №10 от 18 ноября 2016 г.).

Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 38 б.

Положение о психолого-педагогическом консилиуме в организациях образования. – Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2016. – 34 с.

Ұсынылып отырған психологиялық-педагогикалық консилиум ережесінің жобасы білім беру ұйымындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды дамыту мен оқытудағы мәселелерді шешу үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен білім беру процесінің қатысушыларының өзара әрекеттесуін реттеуде көмек болады.

Бұл әзірleme облыстық (қалалық, аудандық) әдістемелік кабинеттерінің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру ұйымының басшыларына, педагогтері мен мамандарына арналған.

Предлагаемый проект Положения психолого-педагогического консилиума поможет в координации взаимодействия специалистов службы психолого-педагогического сопровождения и участников образовательного процесса для решения проблем развития и обучения детей с особыми образовательными потребностями в организации образования.

Данный документ адресован руководителям и методистам областных (городских, районных) методических кабинетов, руководителям, педагогам и специалистам организаций образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2016

© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина, 2016

Кіріспе

Ұлттық білім жүйесі кез келген мемлекетті әлеуметтік-экономикалық дамытудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Әрбір мемлекеттің және оның азаматтарының өсіп өркендеуі тікелей білім беру жүйесінің тиімділігіне тәуелді.

Қазіргі таңда көптеген білім беру ұйымдары қағидаларын ұстанатын дәстүрлі білім беру жүйесі негізінен біріздендірілген оқу-тәрбиелік мақсаттарға жетуге және сәйкес бағдарламаларды жүзеге асыруға шоғырланған. Яғни, бұл әрекет «қалыпты» білім алушылардың «қалыпты» қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттылған.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасының стратегиялық мақсаты білім беру процесіне барлық қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Бұл барлық білім алушылардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктерінің жағдайына қарамастан нәтижелі әлеуметтенуін қамтамасыз етуді білдіреді. Берілген міндет балаларды кез келген кемсітушілікті жоятын және кедергісіз оқыту мен тәрбиелеуді қамтамасыз ететін инклюзивті білім берудің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының 1-бабы, 21-4 тармақшасында инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс деп көрсетілген [1].

Инклюзивті білім беруді дамыту жағдайындағы әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ол бірқатар сұрақтармен, оның ішінде білім алушының әлеуметтік сипаттағы немесе психофизикалық жағдайының ерекшеліктерімен шартталған болуы мүмкін.

Әлеуметтік факторлардан туындаған білім беру қажеттіліктері тілдік сипаттағы оқыту қиындықтарымен (мигрант отбасының балалары, қазақ немесе орыс тілін меңгермеген оралман отбасылардың балалары), сабаққа қатысуымен (шалғай аудандар, ауылдарда тұратын халық), отбасының материалдық жағдайымен (табысы төмен отбасылар) және т.с.с. байланысты болуы мүмкін.

Алайда, педагогтар арасындағы жоғары алаңдаушылықты психофизикалық дамудағы кемшіліктерден болған ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылар тудырады. Олар келесі сұрақтарды уақытында шешуді талап етеді:

- дамудағы бұзылыстарды анықтау;
- психологиялық-педагогикалық көмекті ұйымдастыру;
- тәрбиелеу мен оқытудың арнайы жеке түзету бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;

– оқу процесін арнайы медициналық-психологиялық-педагогикалық қолдаумен (арнайы педагог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог, медициналық қызметкер) қамтамасыз ету;

– оқушыны ары қарай дамыту үшін танымдық мүмкіндіктер мен нақты оқу жетістіктері бойынша оқушы мен оның ата-аналарына қойылатын талаптар мен ұсыныстардың сәйкестігін тұрақты қадағалау;

– білім беру ортасын ыңғайлы, ерекше кеңістіктік және уақыттық ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

Қазіргі заманда білім беру ұйымының алдына түзете әсер етудің мазмұны мен әдістерін анықтау, балалардың ерекше қажеттіліктеріне байланысты білім беруге жағдай жасау міндеттері қойылуда. Осыған орай ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру процесіне нәтижелі қосу мәселесін шешудің бір жолы білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық консилиумдарды (ППК) жүйелі түрде жүргізу болып табылады.

Ұсынылып отырған психологиялық-педагогикалық консилиум ережесінің әзірлемесі түзету-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, сондай-ақ баланың білім беру қажеттіліктерін және жеке ерекшеліктеріне білім беру ортасын бейімдеу жолымен отбасының жігері мен педагогтар, психологтар, логопед, дефектологтар, әлеуметтік педагогтар, медициналық қызметкерлердің әрекетін бірыңғай қызмет ететін алгоритмге біріктіруді көздейді.

1 Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру, қолданыстағы тәжірибені талдау

Соңғы жылдары халықаралық және ұлттық, үкіметтік және үкіметтік емес, ресми және тәуелсіз ұйымдар өздерінің баяндамаларында Қазақстандағы инклюзивті білім берудің дамуына түрлі көзқарастар мен баға беріп жүр.

ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілдігі дайындаған «Мүгедектігі бар балалардың жағдайына талдау: Қазақстан Республикасында инклюзивті қоғамның дамуы» есебінде, конвенцияны бекіту және заңдарды қабылдаудан кейін, жағдайды түзету қажет пе және қалай түзету қажеттігін көрсететін, ұзақ мерзімді қадағалауды жүзеге асыру механизмдері мен ағымдағы жағдайды бақылау қажет болатыны атап көрсетілген. Мүгедектігі бар тұлғалардың құқықтары және ахуалына қатысты ағымдағы жағдай туралы білу, мемлекеттік мақсаттар мен ағымдағы прогреске уақытша баға беруге көмектеседі [2].

«Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы туралы ережелер» жобасында ресурстық орталықтар мен кабинеттердің қызметін зерделеу және талдауында Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтарымен, кабинеттерімен және эксперименттік алаңдарымен тығыз байланыс жасайтындықтарын көрсетті [3]. Сонымен қатар, инклюзивті білім берудің ресурстық орталықтары мен кабинеттері эксперименттік алаңдар базасында құрылып және жұмыс істейді.

Республика бойынша эксперименттік алаңдар саны көбеюінің оң динамикасы байқалады. Инклюзивті білім беру бойынша бірінші (ресми) эксперименттік алаң 2012 жылы Қарағанды қаласының №27 жалпы білім беретін орта мектебінде жұмыс істей бастады. 2014 жылы эксперименттік алаңдар саны – 3, 2015 жылы – 4-ке артты, Астана және Алматы қалалары мен облыстар білім басқармаларының мәліметтері бойынша 2016 жылы жалпы білім беретін 9 мектепте және 1 мектепке дейінгі білім беру ұйымында эксперименттік жұмыс жүзеге асырылуда. Олардың 2-уі Астана қаласында (№23 ОМ, №71 ОМ), Алматы қаласында – 2 (№10 жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі (КММ), №9 бала бақша), Қарағанды облысында – 1 (№27 жалпы орта білім беретін мектеп), Қостанай облысында – 1 (Баннов орта мектебі КММ), Қызылорда облысында – 1 (№264 МЛ) және Павлодар облысында – 3 (Ақсу қаласының №7 ОМ, Парамоновка ауылының ОМ, Ю.Гагарин атындағы ОМ).

Инклюзивті білім берудің дамуына талдау жасау, ерекше қажеттілігі бар балаларды толыққанды білім беру процесіне енгізудің апробациядан өткен механизмдерін бөліп көрсету мүмкіндігін берді. Инклюзивті білім берудің еліміздегі қолданыстағы тиімді модельдерінің бірі – Қарағанды қаласындағы №27 және Көкшетау қаласының №19 жалпы білім беретін орта мектептерінде пайдаланылып жүрген модельді атап айтуға болады. Бұл мектептердің базасында ерекше қажеттілігі бар балалардың оқуын, тәрбиеленуін, әлеуметтік бейімделуін және қоғамға кірігуін қамтамасыз ететін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі ұйымдастырылған.

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша қолданыстағы тәжірибені тереңірек зерделеу үшін Қарағанды қаласындағы №27 жалпы білім беретін орта мектеп жанындағы эксперименттік алаңның қызметін қарастырайық.

Бейімдік мектеп моделін құрастыру міндетін алған №27 жалпы білім беретін мектептің мақсаты – барлық оқушылардың, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету, арнайы психологиялық, әлеуметтік, түзету-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету арқылы, олардың ойдағыдай әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

Даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бейімделу ортасын құру үшін, іс-шаралар жоспары әзірленді, жоспарға сәйкес Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылды. Қызметтің құрамына мұғалім-дефектологтар, психологтар, логопедтер, аймақтағы жалғыз прецедент – психиатр-дәрігер кірді, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің штаттық кестесімен дефектолог мұғалімдердің қарастырылмағанын атап өту қажет. Аталған мамандық иелері мүмкіндігі шектеулі баланың жалпы білім беретін мектеп жағдайында дамуын сүйемелдеуде негізгі «іс-әрекеттегі тұлғалар» болып табылады.

Қызметтің іс-әрекеті кешенді сипатқа ие және жергілікті нормативтік актілермен реттеледі:

- Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы, психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумы қызметі туралы ережелер;

- Қолдау мамандарының функционалды міндеттері.

Эксперименттің басында мектепте ПМПК шешімі бойынша даму мүмкіндігі шектеулі 9 бала білім алатын. 2012-2013 оқу жылында Қызмет мамандарының жүргізген кешенді диагностикасы негізінде «қауіп тобынан» 22 бала анықталды, ПМПК шешімі бойынша оларға «даму мүмкіндігі шектеулі бала» деген статус берілді.

Бүгінгі таңда мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне енгізудің екі түрлі жолы қарастырылуда: жеке психологиялық-педагогикалық қолдаумен инклюзивті білім беру сыныптары және арнайы сыныптар.

2015-2016 оқу жылында даму мүмкіндіктерінің түрлі шектелуі (психикалық дамуының тежелуі, интеллектуалдық жетіспеушілік, ерте жастағы балалар аутизмі, естудің бұзылуы, көрудің бұзылуы, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы) бар 77 оқушы жалпы білім беру процесіне енгізілді.

2014-2015 оқу жылында білім алу сұранысы жоғары оқушыларды оқытуға арнайы жағдайлар жасауға арналған мектептің эксперименттік жұмысын жүзеге асыру аясында, лицейлік екі сынып ашылды. Оқушыларды лицейлік сыныптарға іріктеу жұмысы, негізгі пәндер бойынша кешенді тестілеу өткізу негізінде жүзеге асырылды.

2015-2016 оқу жылында лицейлік сыныптар саны үшеуге дейін артты.

Қарағанды облысы білім басқармасының 2013 жылғы 9 тамыздағы №308 және Қарағанды қаласы білім бөлімінің 2013 жылғы 29 тамыздағы №612 бұйрықтарына сәйкес мектеп базасында ресурстық орталық құрылды.

Ресурстық орталық қызметінің мақсаты – инклюзивті білім беру тәжірибесін дамытатын білім беру ұйымдарын ғылыми-әдістемелік, консультативтік-ақпараттық сүйемелдеумен қамтамасыз ету. Ресурстық орталықтың қызметі Ресурстық орталық туралы ережелер арқылы реттеледі. Ресурстық орталықтың қызметі аясында мектепте түрлі сипаттағы іс-шаралар: конференциялар, дөңгелек үстелдер, аймақтық және қалалық семинарлар, халықаралық және аймақтық кездесулер, әлеуметтік серіктестерге арналған оқыту семинарлары, біліктілікті жоғарылату курстары өткізілді.

Ресурстық орталықтың мамандары орталық қызметін кеңес берумен қамтамасыз ету үшін ресурстық материалдар қорын құру (нормативтік-құқықтық, бағдарламалық-әдістемелік, дидактикалық, АКТ) бойынша жұмысты үнемі жүргізіп отырады.

Сонымен, №27 жалпы білім беретін орта мектепте Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің инклюзивті білім беруді жүзеге асыруда атқаратын рөлінің маңызды екенін айтуға болады. Себебі ерекше қажеттілігі бар балаларды мектепте оқуға қатыстырудың сапасы негізінен пәнаралық өзара байланысты ұйымдастырудың деңгейіне тікелей байланысты.

Инклюзивті білім беруді енгізуді зерделеу мен жағдаяттық талдау жасаудың нәтижесі, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие жұмысына қатыстырудың ерекше ұйымдастырушылық және әдістемелік шарттарының болатындығын көрсетті. Мысалы, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне кіргізу келесі кезеңдерден тұрады [4]:

1-кезең – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (ПМПК) жүзеге асырылатын мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтау және білім беру ұйымдарына жолдау.

2-кезең – мүмкіндігі шектеулі баланы оқыту үшін ата-аналардың білім беру ұйымын таңдауы. ПМПК мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеуге арналған неғұрлым ыңғайлы және оңтайлы жағдайларды ұсынады, алайда «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 49 бабы «Ата-ананың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері» негізінде бұл жағдайларды таңдау ата-аналарға берілген.

3-кезең – мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру ұйымдарына орналастыру.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың және олардың ата-аналарының мүмкіндіктерін есепке ала отырып білім алудың вариативті жағдайын жасау үшін оқыту келесідей ұйымдастырылады:

1) арнайы мектепке дейінгі және мектептегі білім беру ұйымдарында;

2) жалпы білім беретін мектепте (бала бақшада) ашылу мүмкіндігі бар:

а) мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне әлеуметтік кіріктіруді жүзеге асыратын арнайы сыныптары, сонымен бірге сыныптар қажеттіліктердің түріне қарай толымдалуы және оқыту арнайы оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылуы тиіс;

б) мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру процесіне кірістіруді толығымен жүзеге асыратын инклюзивті білім беру сыныптары.

Арнайы сыныптар және инклюзивті білім беру сыныптары белгілі мектептерде білім басқармасының жергілікті органдарымен келісімі бойынша құрылады және төмендегі іс-шаралармен:

- түрлі категориядағы мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім алу қажеттілігі туралы ПМПК статистикалық деректеріне;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың жекелеген санаттарына білім алуда бірдей мүмкіндіктер мен қолайлы жағдай жасау мақсатында жалпы білім беретін мектептердің мамандануына негізделеді.

Бұл жағдайларға келесілер жатады:

- балаларды мектепке көлікпен жеткізуді қоса алғанда, балалардың кірігуі үшін кедергісіз қолжетімді орта құру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың көмекші және теңгеруші техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

- білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

4-кезең – мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ұйымдарда оқытудың білім беру және түзету-дамытушылық процесін ұйымдастыру.

Аталған кезеңде маңызды қызметті психологиялық-педагогикалық консилиум жүзеге асырады және ол келесі міндеттерді қамтиды:

- инклюзивті білім беретін сыныптарды толымдау;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың даму мен оқу жетістіктерінің психологиялық-педагогикалық мониторингісін жасау.

5-кезең – мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім беру ұйымдарында білім алу және түзету-дамытушылық процесі.

Мүмкіндігі шектеулі балалардың инклюзивті білім беру ұйымдарында білім алу және түзету-дамытушылық процесінің жүзеге асырылуы:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес үлгілік оқу бағдарламалары [5] және үлгілік оқу жоспарлары [6] (инвариантты және түзету компоненттері). Сонымен қатар тәжірибеде баланың ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген жеке (арнайы) оқу бағдарламаларының да қолданылатыны туралы атап өту қажет. Жеке оқу бағдарламалары ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың ерекшеліктерін есепке ала отырып үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды түзету-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын мектептің психологиялық-педагогикалық консилиумның мамандары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті (ППТК) базасындағы ресурстық орталықтардың, ресурстық орталық (РО) және арнайы (түзету) мектептері мен бала бақшаларының мамандары.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға білім беру процесінде психологиялық-педагогикалық қолдау жасауға түрлі мамандардың (психолог, логопед, дефектолог мұғалім және т.б.) қатысуын талап етеді. Олардың қызметін үйлестіру үшін, бұл іс-әрекеттің келісімдікпен және мақсатты бағыттылықпен жүзеге асырылуы үшін білім беру процесіне қатысушылардың барлығының командалық тәсілмен жұмыс істеулері қажет. Командалық тәсіл

мамандар мен педагогтардың кәсіби қосымша құзыреттіліктерді меңгеруін қарастырады. Қажетті құзыреттерге: педагогикалық бақылау жүргізу білігін, жас ерекшелігінің түрлі кезеңдеріндегі баланың даму заңдылықтарын білуді, командада жұмыс істеу шеберлігін, әріптестерімен педагогикалық мәселелерді талқылауға қатысуды және т.б. жатқызуға болады.

Мамандар мен педагогтардың оқушы тұлғасына құрметпен қарау және кез келген балаға көмек көрсетуге деген жоғары ынта негізінде жатқан бірыңғай құндылықтар жолын ұстанулары айтарлықтай маңызды фактор болып табылады.

Командалық өзара әрекеттестік жағдайында түрлі бағыт мамандарының мазмұндық міндеттері шешімінің арасында – оқыту процесінде балаға көрсетілетін көмектің қолайлы жүйелілігін және көлемін таңдау міндеті болуы тиіс. Мазмұнды келесі міндет – бұл, педагогтарға, олардың бірыңғай пәнаралық команда жағдайында, өздерінің кәсіби біліктерін жетілдірулері үшін қажетті әдістемелік қолдау көрсету.

Консилиумды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының және педагогтардың өзара байланысының негізгі түрі ретінде қолдану, белгіленген міндеттерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік береді. Мамандар (психолог, логопед, дефектолог-мұғалім) оқушының мәселесі туралы жай ғана айтып қоймай, педагогқа сол мәселені шешу жолдарын көрсетулері де тиіс, себебі оқу процесі барысында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыға көмек көрсетумен байланысты негізгі жұмысты орындаушы мұғалім болып табылады. Арнайы педагогиканың әдістерін және тәсілдерін меңгерген мұғалім, оқыту процесінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ете отырып, оларды сыныптың барлық оқушыларына қатысты шығармашылықпен пайдалануға қабілетті.

Осылайша, дұрыс ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық консилиум, тек оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесінде ғана емес, мектептегі білім беру процесінің сапасын арттыру мәселелерін шешуде де маңызды рөл атқарары сөзсіз.

2 Мультидисциплинарлық топтың қызметі бойынша шетелдік тәжірибені талдау

Мемлекеттік білім беру процесінің басты мақсаты ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың қолжетімді білім алу құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстандық білім беру ұйымдары осы құқықты жүзеге асыруға ұмтылады. Алайда, бүгінгі таңда бұл мәселе инновациялық және дискусиялық түрде қалуда. Өйткені, білім алушылардың бойындағы ерекше қажеттіліктері біркелкі емес болуы мүмкін. Сондықтан, инклюзивті біліммен тек эмоционалдық, ерік-жігерлі немесе психоәлеуметтік бұзылыстары бар балалар қамтамасыз етілмей, оған қоса есту, көру, сөйлеу, тірек-қимыл аппаратында, ақыл-ойында т.б. бұзылыстары бар балаларын да қамту мәселелері қаралуы тиіс.

Бұл балалардың бұзылыстары әр түрлі деңгейде болуы мүмкін: жеңіл, орташа, ауыр. Бұдан ерекше қажеттіліктері бар балалардың даму бұзылыстары күрделенген сайын инклюзивті білімді жүзеге асыратын білім беру ұйымы педагогтарының педагогикалық әрекеті мен құзыреттілігінің деңгейі жоғарлауы тиіс деген қорытынды жасауға болады.

Әрине, баланың ерекше қажеттіліктері мен оны оқыту жағдайларын (интеграция, инклюзивті оқыту немесе арнайы ұйымда, үйде оқыту т.б.) анықтауда ПМПК іске асырады, бірақ осы балаларды қолдауда көптеген қиындықтармен кездесіп келе жатқан білім беру ұйымындағы педагогтардың ролі де аз емес.

Мұғалімдердің қиындықтарын атап өтсек:

1) жалпы білім беру ұйымында ерекше қажеттіліктері бар баланы педагогикалық және психологиялық қолдауда тиісті кадрлық құраммен қамтамасыз етумен байланысты қиындықтар;

2) бірнеше диагнозды ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеу және оқытудағы әдіснамалық базасымен байланысты қиындықтар;

3) балаларға дер-кезінде психологиялық-педагогикалық көмек берумен байланысты қиындықтар;

4) инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагогтар мен әкімшілік құрамының (әсіресе буллингтің алдын алу мәселесін) кәсіби этикасының деңгейімен байланысты қиындықтар;

5) педагог кадрларды арнайы дайындау проблемасы (ерекше балаға жеке тәсілдерді пайдалану үшін мектеп, колледж және бала бақша педагогтарын арнайы психология және түзету педагогикасының негіздері бойынша оқыту, олардың арнайы оқыту технологияларын меңгеруі).

Инклюзивті білім беруді еңгізу және дамытуда шет елдердің келесі тәжірибесін байқауға болады:

Швецияда ерекше қажеттіліктері бар оқушылар қажетті қолдауды көрсете отырып (арнайы педагог немесе ассистенттің көмегі, арнайы көмекші құралдармен қолдану) қалыпты сыныпқа кіріктірілген. Есту, көру, ақыл-ой кемістігі немесе бірнеше бұзылыстыры айқын көрінетін балалар арнайы

мектептерде білім алады. Қазіргі таңда арнайы мектептер жалпы білім беру мектеп сыныптарына кіріктірілген балаларды қолдау бойынша Ресурстық орталықтар болып табылады. Швецияда ерте жастағы балалар аутизмі барларды арнайы оқыту күрделі мәселе болып отыр. Бұл балалар қалыпты мектептерде кіші топтарда оқиды. Әр 3 балаға 2 мұғалім және 1 ассистент қарастырылған [7].

Дания мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арнайы оқытылған мысалы, математик секілді пән мұғалімдері, мектеп психологы және әлеуметтік қызметкерлер қызмет атқарады. Оған қоса бұл жұмысқа штаттан тыс педагог-кеңесшілер немесе басқа мамандар да тартылуы мүмкін. Бұл кеңесшілердің қызметі оқыту жүйесі мен материал игерімін бақылап, педагогтар жұмысын қажетті арнаға бағыттау болып табылады. Қиындық туындаған жағдайда олар баланы тыныштандыруға көмектесіп, жеке бөлмеде оны басқамен шұғылдандырады.

Финляндияда ерекше назарды талап ететін 80 балаға дейін оқитын сыныптардың барлығында осындай мұғалімнің көмекшілері бекітілген. Педагог оқу процесін ұйымдастырумен айналысып жатқан кезде көмекші-кеңесші балаға оқу тапсырмасын орындауда және құрдастарымен тіл табысуда көмек беретін маңызды буын болады.

Норвегияда әр апта сайын сынып жетекші, арнайы педагог және кеңесші-көмекші ерекше назарды талап ететін оқушылардың ағымдағы үлгерімі мен нәтижелері бағаланып, олармен одан әрі жұмыс жоспарланатын жиналыстар өткізеді. Кейде бұл жиналысқа мектеп медбикесі де шақырылады. Ерекше қажеттіліктері бар «ауыр» оқушылармен жұмыс жасау барысында комиссия бөлек отырыс өткізеді, кейде бұл отырыстарда жаңа жұмыс әдістері әзірленеді. Норвегиялық мектептер мектепке дейінгі білім беру мекемелерімен, ана және баланы қорғау орталықтарымен, арнайы күтімді қажет ететін балаларға арналған емдеу мекемелерімен белсенді жұмыс істейді [7].

Литва Германияның инклюзивті білім беру моделін табысты қабылдап алды. Зияты сақталған мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беретін мектепте 5-сыныптан бастап оқи алады. Ал мүмкіндігі шектеулі 1-4 сынып оқушылары бөлек бастауыш мектептерде оқиды. 4-сыныптан кейін оқушылар келесі кезеңдегі мектептерге ауысады және гимназия немесе қалыпты мектеп типтерінен таңдауға құқылы болады. Тәжірибе көрсеткендей, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары балаларының басқалардың қарқынымен оқу бағдарламасын толық көлемде меңгере алмайтындығына көзі жеткен соң, балаларын 4-сыныптан кейін өз еркімен арнайы мектепке ауыстырады. Зиятында бұзылыстары бар балалар да жалпы білім беретін мектепте оқуға құқылы, бірақ тек арнайы сыныпта ғана оқи алады. Литва мектептерінде 2 түрлі арнайы сыныптар бар: жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған «арнайы сынып» және орташа немесе тіпті ауыр ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған «дамыту сыныбы». Мектеп штатында жалпы білім беретін сынып оқушыларына қызмет көрсететін бір логопед және екі арнайы сыныпқа бір логопед қарастырылған. Сурдопедагог, тифлопедагог, қозғалуды

дамытатын және басқа да мамандардың көмегін мүмкіндігі шектеулі оқушылар арнайы көлікпен жеткізіліп, оңалтудың ресурстық орталықтарында алады.

Кейбір елдерде инклюзивті білім енді ғана дамып келе жатқандықтан мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту жүйесі көптеген проблемалармен кездесуде.

Бельгиядағы мектеп педагогтарының инклюзивті оқыту бойынша өзара келіспеушіліктері, мектепшілік басқарудың нәтижелі жүйесінің болмауы, ата-анамен дәстүрлі ресми ынтымақтастықтың тұрақтанған формасы елдегі инклюзивті білім беруді дамытуда кедергі болатын көптеген проблемаларды туындатуда.

Украина елінде де дәл осындай жағдай. Психология ғылымының докторы, ПФҰА арнайы педагогика институтының аутизм сұрақтары бойынша лаборатория меңгерушісі Т.Скрыпник елдегі инклюзивті білімді дамыту бойынша ғылыми және оқу-әдістемелік қамтамсыз етуде бірыңғай саясаттың болмауы, әзірленген құралдар мазмұнындағы қарама-қайшылықтар; ресурстық орталықтардың болмауы; педагогтарға орталықтанған көмек көрсетудің тапшылығы; әр түрлі нозологиясы бар балаларға (аутизм проблемасы бар балаларға да) көмек беретін мемлекеттік түзете-дамыту мекемелерінің болмауы және тағы да басқа мәселелерді айқындады [8].

Италияда инклюзивті білімді еңгізудің бастапқы кезеңінде (1971 жыл) ерекше қажеттіліктері бар балалармен білім беру ұйымының жұмыс жүргізу үшін қажетті ресурстардың бірі мектептегі сынып жетекшіні қолдайтын арнайы педагог, дәрігер, психолог, әлеуметтік қызметкер, медбике және логопедтен тұратын команда болып саналатын. Ал 2003 жылы Италияның білім министрлігі барлық мектеп директорларын балаларды білім беру процесіне қосу модельдерін жетілдіру үшін тренингтерге қатысуға міндеттеп, барлық мектеп мұғалімдерін жылына 40 сағатқа есептелген біліктілікті арттыру курсынан өтуді бұйырды. Оған қоса, италияндық тәсілдің ерекшелігі әр мектеп диагностика және терапия жүргізетін денсаулық сақтау саласындағы ұйымдардың мамандарымен тығыз өзара әрекеттестікте болады. Бұл мамандардың ішінде дәрігерлер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, медбикелер, логопедтер, функционалдық және дене терапевттері де бар.

Ресейде инклюзивті мәдениетті, саясатты және тәжірибені дамыту бойынша білім беру ұйымының нәтижелі жұмыс істеу шарттарының бірі «ерекше» баланы және оның отбасын жалпы білім беру ортасына қосу процесін сапалы түрде басқару болып табылады. Инклюзия жолына тұрған білім беру ұйымы әкімшілігінің алдында тұрған міндеттерінің бірі - бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларын, яғни ата-ананы, балаларды, педагогтарды өзгеріп жатқан әлеуметтік жағдайға бейімдеу. Осыған байланысты білім беру ұйымы штатына жана мамандар еңгізілді. Олар инклюзия бойынша координаторлар немесе ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша координаторлар (бұл термин кейбір ағылшын тілді елдерде қолданылады). Қазіргі таңда инклюзивті білімді жүзеге асыратын білім беру ұйымында бұндай координатор тұлғасы негізгі лауазым болып табылады.

Әдетте инклюзия бойынша координатордың қызметін бір қызметкер атқарады. Бірақ кейде координатордың міндетін бірнеше адам бөліп алатын да жағдайлар кездеседі.

Қолдау мамандарының қызметі мұғалімдерді (тәрбиешілерді) ерекше қажеттіліктері бар балалармен де, олардың құрдастарының тобымен де жұмыс істеуге үйрету, бұл балаларға әлеуметтік қызығушылықты қалыптастыру, қолдауға қатысушылардың қолданған термидерге қатысты әдептілікке бағытталған. Психологиялық-педагогикалық қолдау білім берудің барлық сатыларында қызмет атқарады. Соның арқасында қолдау процесінің *үздіксіздігі* қамтамасыз етіледі [11,12].

Берілген талдау инклюзивті білім беруді табысты енгізудің негізгі критеріі – инклюзивті білім беру процесіне қатысушылардың арасында оның барлық деңгейінде келісілген ынтымақтастығы екендігін белгілеуге мүмкіндік берді. Олардың ынтымақтастығы кең және ашық диалогқа, берілген процесті терең теориялық және эмпирикалық түсінуге, ұлттық білім беру саясатының негізгі мақсаттары мен қағидаларын жүзеге асыруға ықпал ететін нәтижелі педагогикалық механизмдерді бірігіп іздеуге негізделген. Сондықтан білім беру ұйымындағы инклюзивті саясаттың табысты жүзеге асырылуына педагогтар жауапты болады.

Инклюзивті білім беру философиясының идеяларына, «ерекше» бала мен оның отбасын қолдаудағы бірыңғай тәсілдемесіне, ПМПК-мен ынтымақтастыққа даярлыққа негізделген командалық пәнаралық және мультидисциплинарлық тәсілдің маңызы жоғары және баланы нәтижелі қолдауға, ұжымдағы эмоциялық жағдайға тікелей әсер етеді. Жүйелі пәнаралық және мультидисциплинарлық тәсілдеме келесілерде көрініс береді:

- қалыпты және бұзылған бала дамуын түсінуде бірыңғай ғылыми-әдіснамалық тұжырымдамаға сүйену;
- диагностика нәтижелерін түсіндіруде ортақ тілді анықтау;
- өзара толықтыратын түзете-дамыту бағдарламаларын әзірлеу;
- баламен және оның отбасымен жұмыс істейтін барлық мамандар үшін бала туралы ақпараттың ашық болуы;
- бірыңғай күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау;
- жалпы білім беру бағдарламалардың мазмұнына енгізілген материалдар негізінде мамандардың түзете-дамыту сабақтарын жүргізуі.

3 Психологиялық-педагогикалық консилиум шеңберінде мамандардың өзара әрекеттестігі

Инклюзивті білім беруді енгізу және дамыту жағдайында заманауи білім берудің тиімді дамуы, әр білім алушының ерекшеліктерін, оның психологиялық-дене дамуының ерекшеліктері мен жеке қажеттіліктерін ескере отырып баланың жеке бағытын және оны кәсіби қолдау жолдарын анықтай білуді талап етеді. Аталған міндет инклюзивті білім беру ортасын құрудың базалық компоненті болып табылуы тиіс, оның орындалуы мамандардың көп пәнаралық өзара байланыстарын ұйымдастырмайынша мүмкін емес.

Психологиялық-педагогикалық қызмет аясында мамандардың ынтымақтастығы барысында, тиімді байланыс жасауларының келесі параметрлерін ескеру қажет:

- баланың ерекшеліктерін және даму деңгейін, оның ресурстық мүмкіндіктерін есепке алу;
- бейімделу және әлеуметтену міндеттерінің басымдылығы;
- *«қажетті маманның дер кезінде»* баламен жұмыс істеуге «араласуының» қолайлы бірізділігі;
- ата-аналардың баланың әлеуметтенуі мен білім алуға бейімделуіне қатысуы, олардың мамандармен серіктестік қарым-қатынасы.

Құрылған бейімді білім ортасы, оқу-тәрбие процесінің барлық мүшелерінің мінез-құлық мәдениеті, толеранттылығы, әр білім алушы үшін білім сапасының жоғары болуы мультипәндік команда күшінің нәтижесі болып табылады.

Мультипәндік команданың іс-әрекеті әр мұғалімнің келесі *қағидаларды* сөзсіз қабылдауларына негізделуі тиіс:

- инклюзияны бірегей психологиялық-педагогикалық идеология мен стратегия ретінде мойындау;
- маманның байланысты пәндерге қызығушылығы, білімнің түрлі салаларынан хабардар болуға және жаңашылдыққа, жаңа білімді меңгеруге дайын болу;
- команданың барлық мүшелерін сыйлау, өзара түсіністік, ашықтық, бір-біріне көмек көрсетуге дайын болу;
- команданың барлық мүшелерінің білім беру процесіне бірдей қатысуы, жалпы жұмыстың нәтижесіне жауапкершілік;
- команда мүшелері арасында рөлдердің айқын бөлінуі, педагогикалық нақты міндеттерді орындауға қатысудың алғышарттарын ұстану.

Аталған қағидалар психологиялық-педагогикалық қолдаудың барлық кезеңдеріндегі командалық жұмысқа қатысушы мамандардың ресурстарын оңтайлы қолдану арқылы, бала мен оның отбасының мәселелерін кешенді және тиімді шешуге жағдай жасайды.

1968 жылы ресейлік белгілі психологтар А.Н.Леонтьев, А.Р.Лурия, А.А.Смирнов ұсынған психологиялық-педагогикалық консилиум (ППК) мамандарының көп пәнділік қағида жұмысы, баланың дамуын бағалауды

кешенді жүзеге асыру мақсатында консилиумның барлық мамандарының деректері мен пікірлерін бірдей есепке алу қажеттігін болжайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, ерекше көзқарасты талап ететін балалар мен жасөспірімдерге жан-жақты және құзыретті көмек беруді қамтамасыз ету мақсатында, білім беру ұйымдарында және командадағы мұғалімдердің іс-әрекетін үйлестіруде, психологиялық-педагогикалық консилиумдар (ППк) құру ұсынылады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында ППк барлық дерлік білім беру ұйымдарында жұмыс істейтінін атап өту қажет. Бірақ оның қызметінің жүйесі барлық білім беру ұйымдарында бірдей нақты емес. Кейбір мектептерде, бала бақшаларда немесе колледждерде консилиум мамандарының командалық кешенді жұмыс атқаруына әкімшілік тарапынан қажетті қолдау көрсетілмейді, сол себепті ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің нәтижелі болу жауапкершілігі жекелеген маманға немесе мамандарға (педагог-психолог, дефектолог немесе логопед) жүктелуі мүмкін. Психологиялық-педагогикалық консилиум – бұл ең алдымен психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының *кәсіпаралық ынтымақтастығының түрі*, яғни білім алу және тәрбие процесінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаға көмек көрсету стратегиясын бірігіп жасайтын барлық педагогтар ұжымы.

Кеңесші орган ретінде консилиумның негізгі мақсаты – жалпы білім беретін мектептің оқу-тәрбие процесіне енгізілген балаларды қолдау стратегиясын анықтап және түзету-дамытушылық жұмыстарын жүргізудің жеке жоспарларын әзірлеп қана қоймай, баланың дәстүрлі ортаға әлеуметтенуіне, неғұрлым жоғары деңгейде *әлеуметтік бейімделуіне* арналған шаралар мен жолдарды анықтау.

Консилиум:

– білім беру ұйымының барлық педагогтік ұжымына – бала тұлғасын барлық параметрлерін (психологиялық және психикалық дамуын, дамуындағы әлеуметтік жағдайды, денсаулық жағдайын, педагогикалық әрекеттердің оңтайлылығын) есепке алу арқылы қарастыруға, сонымен қатар әр білім алушының мүддесіне қарай оқу-тәрбие процесіне қатысушы субъектілердің арасында міндеттер мен жауапкершілікті бөлу арқылы қолдаудың жалпы бағдарламасын белгілеуге мүмкіндік береді;

– сынып жетекшісіне – қарым-қатынастың ерекше тәсілдерін қажет ететін бала туралы білетінін, сол баламен қарым-қатынаста болатын консилиум қатысушыларына жеткізу;

– педагог-психологқа – оқыту мен тәрбиелеудің неғұрлым жақсы жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында, баланың танымдық және эмоциялық жағдайларына әділ баға беру арқылы және оның білім алуға талпынысын есепке ала отырып әр педагогқа жеке бағдарлама әзірлеуге көмек көрсету;

– әкімшілікке – балаға көмек көрсетудің біріккен стратегиясын әзірлеу барысында оқу-тәрбие процесіне қатысушы педагогтардың, психологтардың және басқа да субъектілердің күшін үйлестірге мүмкіндік бередіу.

Жоғарыда айтылғандардан, ППк келесі міндеттерін анықтауға болады:

– арнайы (психологтың, логопедтің, дефектолог мұғалімнің, арнайы педагогтің немесе басқа мамандардың) көмекті қажет ететін балаларды анықтау, сонымен қатар балалардың оқудағы және мінез-құлқындағы ауытқуларының сипатын және себебін анықтау;

– психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламаларының мазмұнын анықтау;

– оқу және тәрбие бағдарламаларын бейімдеу (қажет болған жағдайда);

– мамандардың арнайы көмек көрсетуінің тиімділігін бағалау және қарым-қатынас жасауларын үйлестіру.

Команданың құрамына: білім беру ұйымының әкімшілігі, мұғалімдер, арнайы педагогтар (психолог, логопед, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог), медицина қызметкерлері, ата-аналар, қоғамдық ұйымдардың, қамқоршылық кеңестің және серіктес ұйымдардың өкілдері, жасөспірімдер ісі бойынша инспектор кіреді.

Психологиялық-педагогикалық консилиум іс-әрекеттің келесі бағыттарын жүзеге асырады:

1. ықтимал «қауіп тобын» анықтау мақсатында консилиумның барлық мамандары білім алушылардың скрининг-диагностикасын жүзеге асыруды ұйымдастырудың іс-шараларын өткізу;

2. ықтимал «қауіп тобы» балаларының ішінен психологиялық-физикалық ауытқулары немесе білім беру бағдарламаларын меңгеруде қиындықтары бар балаларды анықтау; жеке диагностика өткізу және бала проблемасының мәнін анықтау;

3. даму ерекшеліктері бар білім алушылар үшін жеке түзете-білім беру бағдарламаларын әзірлеу, білім беру бағытын таңдау;

4. қолдаудың жеке бағдарламаларын жүзеге асыру, түзете-дамытушылық іс-шараларын жүзеге асыру, кеңес жұмысының бағыттарын анықтау;

5. психологиялық-педагогикалық қолдаудың нәтижелілігін қадағалау.

Аталған бағыттар бойынша әр педагог (сынып жетекші, пән мұғалімдері, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог) өзінің мамандану саласын ескере отырып жұмыс істейді.

Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысының қағидалары:

1. ППк жұмысының негізін қалаушы қағидалар: бала тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену қағидасы болып табылады. Баланы зерттеу оның дамуындағы мәселелер туралы ақпарат алуға ғана бағытталмай, оның бойында бар проблемалардың орнын толтыруға негіз бола алатын оң әлеуетті анықтауға да жұмылдырылуы тиіс.

2. Диагностиканың мүмкіндігінше педагогикаландырылу қағидасы консилиумның педагогикалық міндеттерінің басымдылығын анықтайды. ППк жұмысында психологиялық және педагогикалық білімдерді кіріктіру өте қажет мәселе.

3. ППк қызметінде ақпараттың жабықтығы қағидасын ұстану өте қажет. Аталған қағида консилиумға қатысушы мамандардың әдеп нормаларын қатаң ұстануларын, әсіресе баланың психологиялық-педагогикалық диагнозына қатысты құпияны сақтауларын қарастырады. Диагноз немесе консилиумның

қорытындысы тұлғаға моральдық нұқсан (мысалы, баланың өзін-өзі бағалауының төмен болуы, оның эмоциялық жағдайының нашарлауы, оның үлкендермен және өзінің құрдастарымен қарым-қатынасының бұзылуы) келтірмеу үшін ППк-дан тыс жерде көпшілік арасында талқыланбауы тиіс.

4. Өзара әрекеттестік қағидасы. ППк-ның әрбір маманы өз құзыреттілігінің аясында баланың дамуы мен жағдайын анықтау, оны ары қарай тәрбиелеу мен оқыту саласында болжамдар жасауға қатысты сұрақтарын шеше отырып, жалпы көрініске өз түсінігін енгізеді.

Консилиумның жұмысын ұйымдастыру үш кезеңде жүргізіледі.

1-кезең. Дайындық кезеңінде консилиумға дайындықты әр қатысушы жеке жүргізеді. Балаға кешенді зерттеу жүргізу үшін жұмысты бастардың алдында ата-ананың келісімін алу қажет. Ата-аналардың келісімі құжатқа тіркелуі тиіс, бұл сараптамаға байланысты кикілжің жағдаяттардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Бұдан әрі мамандар диагностикалық деректерді жинақтауды, қорытындылауды жүзеге асырады, алдын ала шешімдер мен ұсыныстарды тұжырымдайды. Диагностикалық мәліметтерге аталған нақты мәселе бойынша көптеген көрсеткіштер, мысалы: педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, медициналық, логопедтік, дефектологиялық және т.б. арқылы талдау жасалады.

2-кезең. Консилиум жұмысының бұл кезеңінде жүргізілген зерттеулердің қорытындысы бойынша алқалы отырыс өткізіледі. Зерттеулер қорытындысын алқалы талқылау бала дамуының сипаты мен ерекшеліктері туралы бірыңғай көзқарас қалыптастыруға, оның бұдан әрі дамуын жалпы болжауды және қажетті түзету-дамытушылық іс-шаралар кешенін анықтауға мүмкіндік береді.

Егер консилиум дамытушылық немесе түзету жұмысының қандай түрі қажет екендігі туралы жалпы бір ортақ пікір шығармаса, немесе күтілетін нәтижелер орындалған болса, немесе дамудың тұрақты теріс динамикасы байқалатын болса, бұндай жағдайда білім алушы неғұрлым жоғары деңгейдегі кеңеске жіберілуі мүмкін. Баланың ата-анасы консилиум ұсыныстарын қабылдамаған, ата-анамен дау-жанжалды жағдаят болған жағдайда да дәл осы шараларды қолдану қажет. Неғұрлым жоғары деңгейдегі ұйымның беделі ата-анаға ықпал етудің оңтайлы компоненті болуы мүмкін.

3-кезең – ППк шешімдерін жүзеге асыру; жеке бағдарлама құру; психологиялық түзету бойынша ұсыныстар; мамандар іс-әрекетін үйлестіру; қолданыстағы бағдарламаларды түзету; мәселе бойынша педагогтар мен ата-аналарға кеңес беру және т.б.

Консилиумның түрлері

Мақсаты бойынша психологиялық-педагогикалық консилиумдарды алғашқы, жоспарлы, жедел және қорытынды деп бөлуге болады. Әр түріне жеке-жеке тоқтала кетейік.

Алғашқы консилиум – балаларды ұйымға қабылдау және дамуындағы проблемаларды анықтау барысында жүргізілуі мүмкін. Аталған жағдайда консилиум барлық мамандардың алғашқы зерттеулері аяқталысымен өткізілуі мүмкін. Негізінен бұл психолог, логопед (дефектолог), психиатр, педагог; жекелеген жағдайларда басқа да мамандар шақырылуы мүмкін.

Мақсаты: білім алушы дамуының ерекшеліктерін, оны оқытудың мүмкін жағдайлары мен түрлерін, педагогикалық процесті психологиялық, логопедтік немесе басқа да қолдаудың қажетті түрлерін анықтау.

Жоспарлы консилиумды жарты жылдықта бір реттен кем емес өткізу ұсынылады.

Мақсаты: оқыту мен түзету динамикасын бағалау, қажет болған жағдайда түзетушілік жұмысқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу, оқыту формасына, режиміне немесе бағдарламасына өзгертулер енгізу, қосымша зерттеулер тағайындау.

Жедел консилиум қажет болған жағдайда педагогтың немесе кез-келген басқа маманның өтініші бойынша (ұзақ ауру, кездейсоқ аффекті реакция, оқуда немесе түзету жұмысында кездейсоқ пайда болған басқа да мәселелер) өткізілуі мүмкін.

Мақсаты: пайда болған мәселелердің себебін анықтау; кері кетудің өлшемдерін, оның тұрақтылығын, оны жеңу мүмкіндіктерін бағалау; мүмкін жүктемені анықтау; оқытудың режиміне және түріне өзгерту енгізудің қажеттілігін анықтау.

Қорытынды консилиум баланың оқытудың жаңа сатысына өтуіне байланысты (мысалы, бастауыш мектептен негізгі орта білім алуға) немесе түзету жұмысының аяқталуына байланысты өткізіледі.

Консилиум мақсаты: оқытудың аяқталу кезіне оқушы мәртебесіне баға беру: барлық оқу пәндері бойынша меңгерілген білім, әлеуметтену деңгейі, эмоциялық-жігерлілік және мінез-құлық жүйесінің жағдайы, жоғары психикалық қызметінің даму деңгейі; болашақта баламен жұмыс істейтін педагогтарға ұсыныстар. Қорытынды консилиум материалдары баланың психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастырудың негізі ретінде қолданылады.

Тиімді және құзыретті жұмыс істеу үшін консилиумның құрамы икемді болуы тиіс. Оның құрамына тұрақты және уақытша қатысушылар кіреді.

Тұрақты қатысушылар әр отырысқа қатысады, отырысты дайындауға және ұсыныстардың орындалуын бақылауға араласады. Білім беру ұйымының директоры, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (директордың оқу-тәжірибелік жұмысы жөніндегі орынбасары), директордың ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары, әдіскер, педагог-психолог, логопед мұғалім, сынып жетекшілері, медициналық қызметкер, әлеуметтік педагог консилиумның міндетті қатысушылары болып табылады.

Уақытша қатысушылар – жасөспірімдер ісі жөніндегі инспектор, психиатр дәрігер және т.б. Денсаулығы немесе әлеуметтік кері бейімделуіне байланысты туындаған ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға қатысты сұрақтар бойынша шақырылулары мүмкін. Сарапшы ретінде сөз сөйлеуші пән мұғалімдері, шақырылған түрлі маман-кеңесшілер, ата-аналар және оқушылар (қажет болған жағдайда) уақытша қатысушылар бола алады.

Консилиум жұмысын ППк төрағасы басқарады, жалпы білім беретін мекемелерде оның қызметін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары

(бастауыш деңгейде – директордың бастауыш сыныптар бойынша оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары), мектепке дейінгі білім беру жүйесінде – әдіскер, техникалық және арнайы білім беру жүйесінде директордың оқу-тәжірибелік жұмыс жөніндегі орынбасары орындай алады.

Психологиялық-педагогикалық консилиумның төрағасы:

- психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысын ұйымдастырады;
- отырыстардың жүйелілігін қамтамасыз етеді;
- қатысушы-педагогтар құрамын қалыптастырады; отырыста талқыланатын балалар құрамын қалыптастырады;
- консилиумның оқу-тәрбие процесінің басқа тармақтарымен байланысын үйлестіреді;
- консилиум ұсыныстарының орындалуын бақылауды ұйымдастырады;
- балаларды қосымша тексеруге (қажет болған жағдайда) уақытылы жіберілуіне бақылауды жүзеге асырады;
- баланың ата-анасына (қажет болған жағдайда) нақты ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

Мамандардың командалық жұмысын ұйымдастыру және мультипәндік тәсілдің жүзеге асырылуы ППк-ның төрағасына байланысты болады.

Психологиялық-диагностикалық консилиум жұмысы аясында психологиялық қолдау көрсетудің үлгілік алгоритмі (Битянова М.Р. бойынша).

1. Қолдау іс-әрекеттерін өткізуге байланысты ұйымдастырушылық және әдістемелік дайындық:

- консилиумдарды, диагностикалық іс-шараларды нақты және сағат бойынша жоспарлау;
- консилиумның барлық қатысушыларын аталған жоспармен таныстырып, келісу;
- қажетті әдістемелік материалдарды дайындау - бланктерді, әдістеме мәтіндерін, шешім жолдарын, өңдеуге қажетті кестелерді және т.б.

2. Диагностикалық тексерудің бірінші кезеңін өткізу:

- сабақ барысында балаларды бақылау, деректерді хаттамаға тіркеу;
- таңдап алынған параллельдің барлық оқушыларына диагностикалық минимум әдістемесін жүргізу;
- қажет болған жағдайда педагогтер мен ата-аналар арасында сараптамалық сауалнама жүргізу;
- қорытындыларды өңдеу, барлық балалар бойынша қорытынды бланктерді толтыру, тереңдетілген түрлі психологиялық-диагностикалық тексеру өткізу үшін балалар тобын іріктеу;
- психологиялық диагностиканың екінші кезеңін ұйымдастыру және әдістемелік дайындық.

3. Психологиялық-диагностикалық тексерудің екінші кезеңін өткізу:

- іріктелген топ балаларымен тереңдетілген диагностикалық тексеру өткізу;
- деректерді өңдеу, тексеру бойынша қорытындыны толтыру.

4. Психологиялық-педагогикалық консилиумға дайындық:

- сынып жетекшілерімен және басқа да мамандармен (мектеп дәрігерімен, психиатрмен, психологпен, логопедпен, дефектологпен және т.б.) болуға тиісті консилиумға қатысты кеңес өткізу;

- сыныптар (топтар) және жалпы параллельдер бойынша талдамалық ақпарат әзірлеу;

- талқылау жоспарын құрастыру: психологиялық сау балаларды және түрлі проблемалары бар балаларды топтарға бөлу; консилиум қорытындысын жазуға арналған бланкілерді дайындау.

5. Психологиялық-педагогикалық консилиум өткізу:

- консилиумға қатысушылардың арасында нақты балаларға қатысты ақпаратпен алмасу;

- әр баланы, сондай-ақ сыныпты немесе топты қолдау стратегиясын әзірлеу және жоспарлау;

- нақты бала бойынша консилиумның қорытынды бланкісін толтыру.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі III Заңы
2. «Анализ положения детей с инвалидностью: развитие инклюзивного общества в Республике Казахстан». Отчет подготовлен Представительством ЮНИСЕФ в Казахстане при поддержке Фонда UniCredit - Астана, 2014, - 108 стр.
3. Положение о ресурсном центре инклюзивного образования. Астана, НАО им. И. Алтынсарина – 2016 г.
4. Ерсарина, А. М. Развитие инклюзивного образования в Республике Казахстан [Текст] // Открытая школа (Рус). - 2012. - №1 (112). - С. 10-13. – <http://www.open-school.kz>
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
6. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары.
7. Амиридзе С. П. Обзор зарубежного опыта в области инклюзивного образования. // Научная электронная библиотека –<http://cyberleninka.ru/>
8. Скрыпник Т. доктор психологических наук, заведующая лабораторией по вопросам аутизма Института специальной педагогики НАПН Украины. Инклюзия в Украине: перспективы детей с аутизмом. //ru.osvita.ua.
9. Мировая практика инклюзивного образования//<http://inclusion.kz/>
10. Инклюзивное образование. Национальный отчет «Среднесрочная десятилетнего периода достижения Целей ОДВ: донести образование до всех и каждого. – Алматы, 2008
11. Семаго Н.Я. Опыт системного развития инклюзивного образования в Центральном округе Инклюзивное образование. Выпуск 1. Москва, Центр «Школьная книга», 2010.
12. Ямбург Е.А., Забрамная С.Д. Управление службой сопровождения детей в условиях образовательной организации. Практико-ориентированная монография. Москва.: Бослен – 2013.
13. Амрина Б.Б., Елисеева И.Г., Жангазиева Т.А., Чумакова О.Ф. Организационные основы и формы включения школьников с ограниченными возможностями в общеобразовательный процесс. Методические рекомендации.-Алматы: ННПЦ КП, 2014 г.
14. Психолого-методическое сопровождение и оказание поддержки учащимся с особыми образовательными потребностями в школах. Методические рекомендации НАО им.Алтынсарина. 2015 г.
15. Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.

Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиум туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Психологиялық-педагогикалық консилиум (бұдан әрі - Консилиум) білім беру ұйымындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды дамыту мен оқытудағы мәселелерді шешу және ерекшеліктерін зерттеуге кешенді ықпалды қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары мен білім беру процесінің қатысушыларының өзара әрекеттесуінің тұрақты қызмет ететін формасы болып табылады.

1.2. Консилиум өз әрекетін білім беру ұйымының ішінде ғана жүзеге асырады.

1.3. Консилиум білім беру ұйымы жетекшісінің бұйрығымен құрылады және Консилиумның төрағасымен үйлестіріледі.

1.4. Консилиум өз әрекетінде БҰҰ бала құқықтары туралы Конвенция, Қазақстан Республикасының әрекеттегі «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдарды және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Консилиум мақсаты мен міндеттері

2.1. Консилиум әрекетінің мақсаты ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар, әлеуметтік және педагогикалық қауіп тобындағы балалар мен жасөспірімдер, оқыту мен мінез-құлығында қиындықтары бар балаларға олардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім беру мен дамыту үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ететін білім беру жүйесін қолдау болып табылады.

2.2. Консилиум міндеттері:

2.2.1. диагностикалық-консультациялық және түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау барысында іске асырылатын әдістемелік қолдау;

2.2.2. балалардың оқуы мен тәртібіндегі қиындықтардың сипаты мен себептерін анықтау;

2.2.3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін анықтау, оқыту мен тәрбиелеу процесінде жеке ықпалды қамтамасыз ету үшін тәрбиешіге/мұғалімге ұсыныстарды әзірлеу;

2.2.4. ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды сәйкес топтар/сыныптарға қосу жолдарын анықтау;

2.2.5. психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға ұсыну үшін оқушының дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасау;

2.2.6. балаларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауда мамандар әрекетін ішкі үйлестіруді қамтамасыз ету;

2.2.7. ата-аналар, қорғаншы мен қамқоршыларға консультациялық көмек көрсету;

2.2.8. білім беру ұйымының оқытуда, дамуында және тәртібінде қиындықтары бар балалар мен жасөспірімдер туралы деректер қорын қалыптастыру және декреттелген қолжетімділікпен, құпиялықты сақтай отырып кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау, олардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығының алдын алу мемлекеттік жүйесінің сәйкес органдардың сұранысы бойынша ақпаратты беру.

3. Консилиум жұмысының қағидалары

3.1. Баланың тұлғасын құрметтеу және жағымды қасиеттеріне сүйену қағидасы.

3.2. Диагностиканы барынша педагогизациялау, психологиялық және педагогикалық білімді кіріктіру қағидасы.

3.3. Ақпараттың жабық болуы қағидасы. Бала тұлғасына моральдық зиян тигізбеу үшін Консилиумның қорытындысы немесе диагнозы көпшілікке жарияланбауы керек.

3.4. Өзара әрекеттестік қағидасы. Консилиумның әрбір маманы өз құзыреттілігінің аясында баланың дамуы мен жағдайын анықтау, оны ары қарай тәрбиелеу мен оқыту саласында болжамдар жасау сұрақтарын шеше отырып, жалпы көрініске өз түсінігін енгізеді.

4. Консилиум қызметтері

4.1. Диагностикалық:

4.1.1. оқу мен тәртіптегі қиындықтарды анықтау;

4.1.2. дамудың әлеуметтік жағдайын, ұжымдағы жай-күйді зерттеу;

4.1.3. баланың әлеуетті мүмкіндіктері мен қабілеттерін анықтау.

4.2. Қолдаушылық:

4.2.1. қолайсыз оқу-тәрбиелік немесе отбасылық жағдайға түскен баланың мүддесін қорғау;

4.2.2. тиімді оқыту мен психологиялық-педагогикалық қолдау формаларын таңдау;

4.2.3. білім беру ұйымында оқыту жағдайында, отбасылық тәрбиелеу әдістерімен де баланың әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту бойынша шараларды анықтау және әзірлеу;

4.2.4. ата-ананың көзінде баланың мәртебесін арттыру мақсатында жүргізілетін отбасылық оналту;

4.2.5. балалардың танымдық әрекетін белсендіру, олардың ақыл-ой және сөйлеу тілдік даму деңгейін арттыру, оқу әрекетін қалыптандыру, эмоциялық-тұлғалық даму мен тәртіптің кемістіктерін түзетуді енгізетін оқу-тәрбиелік процесті әдістемелік қолдау;

4.2.6. білім беру процесінің әр түрлі қатысушыларына практикалық ұсынымдарды әзірлеу.

4.3. Тәрбиелік:

4.3.1. ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар балаға педагогикалық ықпалдың стратегиясын әзірлеу;

4.3.2. балаға педагогикалық ұжым мен ата-ананың тәрбиелік ықпалдарын кіріктіру;

4.3.3. педагогикалық ықпалдардың сабақтастығын қамтамасыз ету.

5. Консилиум жұмысын ұйымдастыру

5.1. Консилиум отырыстары қажеттілігіне қарай жүргізіледі. Бірақ оқу жылында әр бала (ерекше білім беруге қажеттілігі мен жеке мүмкіндіктері бар) үш реттен кем емес талқылануы қажет. Шұғыл жағдайларда отырыс жоспардан тыс жүргізіле алады.

5.2. Отырысты ұйымдастыру екі кезеңде жүреді.

5.2.1. 1 кезең – дайындық: консилиумға дайындықты әр қатысушы өздігінен жүргізеді; диагностикалық мәліметтерді жинақтау, жалпылау іске асырылады; алдын ала қорытындылар мен ұсыныстар жасалады; диагностикалық мәліметтер медициналық, психологиялық, логопедиялық, әлеуметтік, педагогикалық көрсеткіштер бойынша талданады.

5.2.2. 2 кезең – негізгі: диагностика нәтижелері бойынша талқылау жүргізіледі; ұжымдық шешім, ұсыныстар жасалады; ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылардың дамуы, денсаулығы мен білім алу ерекшеліктері туралы қорытынды жасалады

5.3. Талқыланған сұрақтар мен олардың шешімдері отырыстың Хаттамасында тіркеледі.

6. Консилиум құрамы

6.1. Нәтижелі және құзыретті жұмыс істеу үшін Консилиум құрамы жылжымалы болу керек. Оның құрамында тұрақты және уақытша қатысушылар кіредуі.

6.1.1. Тұрақты қатысушылар: Консилиум төрағасы/төрайымы (білім беру ұйымының жетекшісі немесе жетекшінің оқу-тәрбиелеу жұмысы жөніндегі орынбасары), психолог, сынып жетекшілер, логопед, педагог-дефектолог, әлеуметтік педагог.

6.1.2. Уақытша қатысушыларға пән мұғалімдері, эксперт ретіндегі әр түрлі маман-кеңесшілер, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектор, тәрбиеші.

7. Консилиум бойынша құжаттар және олардың үлгілері

7.1. Білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиум туралы ереже.

7.2. Білім беру ұйымында Консилиумды құру туралы бұйрық (1 Қосымша).

7.3. Ағымдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспары (2 Қосымша).

7.4. Балаларды Консилиумға тіркеу журналы (3 Қосымша).

7.5. Консилиумның отырыстарын, қорытындылары мен ұсыныстарын тіркеу журналы (3 Қосымша).

7.6. Педагогикалық мінездеме, мамандардың тұжырымдамасы және Консилиум қорытындысы (4 Қосымша).

7.7 Консилиум бойынша құжаттар мен олардың үлгілері білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып толықтырыла алады.

Білім беру ұйымында психологиялық- педагогикалық консилиум құру туралы бұйрықтың жобасы үлгісі

Бала дамуындағы қиындықтарды және оны оқыту мен мектепте бейімделумен қамтамасыз етуді шешудегі кешенді, пәнаралық тәсілдемені жүзеге асыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Психологиялық-педагогикалық консилиумды қолдау қызметінің мамандары мен білім беру процесіне қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу ретіндегі келесі құрамда құру:

(мамандықтары көрсетілген консилиум мүшелерінің құрамы)

2. Консилиумның төрағасын тағайындау:

(Т.А.Ә., лауазымы көрсетіледі)

3. Психологиялық-педагогикалық консилиум төрағасына консилиумның жұмысын білім беру ұйымындағы психологиялық-педагогикалық консилиумның қызметі туралы Ережелерге сәйкес ұйымдастыру міндеттеледі.

4. Консилиум жұмыс кестесін білім беру ұйымының түзіміне сәйкес анықтау.

5. Консилиум мүшелерінің атқарымдық міндеттерін, есеп беру құжаттамасын анықтау және консилиум құрамында балаларды тексеруге кеткен уақыттың нәтижесі бойынша қосымша табель тапсыру.

6. Консилиум мәжілісін өткізу орны:

7. Бұйрықтың орындалуын бақылау _____ жүктеледі.

Білім беру ұйымының жетекшісі _____

Бекітемін
Білім беру ұйымының
директоры (менгерушісі)

_____ 20__ жыл

_____–_____ оқу жылына арналған
Психолого-педагогикалық консилиум жұмысының жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар

Психологиялық-педагогикалық консилиум
төрағасы/төрайымы _____

Балаларды психологиялық-педагогикалық консилиумға тіркеу журналы

№	Күні, уақыт ы	Бала ның ТАӘ	Туған күні (күні, айы, жылы)	Жы ныс ы	Сұраныст ы берген	Себебі	Мамандардың кеңес беру кестесі

**Психологиялық-педагогикалық консилиумның отырыстарын,
қорытындылары мен ұсыныстарын тіркеу журналы**

№	Отыр ыстың күні, уақыт ы	Баланың ТАӘ	Жасы	Жы ныс ы	Қиынд ығы	Консилиум қорытындысы	Ұсыныс тар	Консилиу м құрамы

Психологиялық- педагогикалық консилиум қорытындысы

Баланың тегі, аты _____

Туылған күні _____

Тексеру күні _____ сынып/топ _____

Мекен-жайы _____ телефон _____

Ата-анасының Т.А.Ә. (жасы, білімі, қазіргі кездегі кәсібі)

Баланың жанұясы туралы мәлімет (жанұяның басқа мүшелері, толық\толық емес жанұя, өмір сүру жағдайы және т.б.)

Консилиумге жіберу себептері:

Қосымшалар (барын белгілеу):

1. Педагогикалық мінездеме
2. Психологиялық тұжырымдама.
3. Логопедиялық тұжырымдама.
4. Медициналық тұжырымдама.
5. Әлеуметтік педагог тұжырымдамасы.
6. Дефектолог мұғалімнің тұжырымдамасы.

Консилиумге ұсынылған басқа да құжаттар

Консилиум қорытындысы:

Консилиум ұсынысы:

Психологиялық-педагогикалық консилиум

Төрағасы/төрайымы _____ қолы _____ Т.А.Ә.

Психологиялық-педагогикалық консилиум

мүшелері, қолдары

Консилиумға арналған педагогикалық мінездеме

Баланың тегі, аты _____ Жасы _____
Сынып (топ) _____

Жалпы хабардар болуы және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау (өзі және жанұясы туралы мәлімет, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары, жалпы қабылданған тәртіп нормаларын орындау)

Қоршаған орта туралы білімі, түсініктері

Оқу дағдыларының қалыптасқандығы

Оқу пәндерін меңгеруінің бағдарлама талаптарына сәйкес болуы

Оқу пәндерін меңгерудегі қиындықтар, қате түрлері.

Математика

Оқу

Жазу

Ауызша сөйлеу тілінің ерекшеліктері

Бейнелеу әрекеті, қол еңбегі

Эмоционалды тәртіп ерекшеліктері

Қорытынды:

Ұсыныстар:

Тексеру күні _____

Педагогтың қолы _____

Консилиумға арналған психологтың тұжырымдамасы

Оқушының Т.А.Ә. _____ Жасы _____

Сынып /топ _____

Тәртіп, қатынас, әдеттер мен қызығушылықтарының ерекшеліктері

Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлаудың қалыптасқандығы

Қимылдық ептілік

Жетекші: қол _____ аяқ _____ құлақ _____ көз _____

Әрекеттесудің сипаттамасы:

Уәждемесі _____

Сыншылдығы

Жұмысқа қабілеті

Әрекет етудің қарқыны

Есте сақтаудың ерекшеліктері

Сөйлеу тілінің сапалық сипаттамасы

Зерде дамуының сипаттамасы

Кеңістіктік және мезгілдік қатынас туралы түсініктің қалыптасқандығы

Эмоционалдық-тұлғалық және уәждемелік-еріктік ерекшеліктері

Психолог қорытындысы

(өзекті даму деңгейі, аталған салалардағы ерекше ерекшеліктері, әлеуеттік мүмкіндіктері)

Ұсынымдары:

Психологтың аты-жөні _____

Күні _____

Логопедиялық тұжырымдама

Т.А.Ә _____

Туылған күні _____

Сөйлеу тілдік қоршаған орта (жақындарының сөйлеу тілдік кемшіліктері, қос тілділік, тұқым қуалаушылық және т.б.)

Ерте жастағы сөйлеу тілдік даму:

үілдеу _____ былдыр _____ сөз _____ тіркес _____

Сөйлеу тілдік бұзылыстар қашан байқалды?

Логопедпен сабақтар

(қайда, қандай нәтижемен?)

Сөйлеу тілінің жалпы дыбысталуы (қарқыны, жатықтығы, анықтығы)

Тұтығумен байланысты сөйлеу тілінің ерекшеліктері

Сөйлеу тілінің дыбыстық жағы

Сөйлеу аппаратының құрылысы және қозғалғыштығы

Дыбысты айтудың бұзылуы

Сөздің буындық құрылымы

Дыбыстық талдау және синтез

Сөздік қоры

Сөздік қордың жалпы сипаттамасы (белсенді және енжар сөздік қордың арақатынасы)

Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы: (жасына сәйкес, сөз өзгертудегі, сөз құрауындағы қателер)

Сөйлеу тілін түсінуі:

Байланыстырып сөйлеу тілі

Сөйлеу тілінің жалпы сипаттамасы

(сөйлеу тілін жас шамасына сәйкес меңгеруі)

Өздігінен байланысқан айтылымдардың қалыптасқандығы

Аграмматизм (бар, жоқ)

Жазбаша сөйлеу тілі

Жазу (көшіріп жазғандағы, диктанттағы әдеттегі және тән емес қателер)

Оқу (оқу техникасы: жаһандық, аналитикалық, әріптік, буындық, біріккен және т.б.)

Оқу қарқыны

Оқығанды түсіну

Қателердің сипаттамасы

Тұжырымдама:

Ұсынымдар: _____

Ескерту: сөйлеу тілдік дамудың әрбір көрсеткіші бойынша жазбаның толықтығы тілдік бұзылыстың сипаты мен ерекшелігіне қарай әр түрлі болуы мүмкін.

Логопедтің ТАӘ және қолы _____

Тексеру күні _____

Дефектологтың тұжырымдамасы

Тегі, аты, әжесінің есімі _____

Туылған күні _____

Білім беру ұйымы _____ сынып/топ _____

Текеру жағдайындағы эмоциялық әсері (қатынастық, негативизмді байқатуы, сәтсіздікке, мадақтауға әсері, ашу-ызаның байқалымдары) Жалпы және ұсақ қимылдарының дамуы

Есту арқылы қабылдаған, өздігінен оқыған нұсқауларды түсінуі (бірден түсінеді, қайталағаннан кейін, түсіндіргеннен кейін, түсінбейді)

Оқи алатындығы:

- көмекті қабылдауы (ынталандыратын, ұйымдастыратын, бағыттайтын, үйрететін көмек) _____

- ұқсас тапсырмаға көшу қабілеті _____

Әрекетті ұйымдастыру, реттеуіш атқарымдарының қалыптасқандығы (әрекеттің мақсатқа бағыттылығы, бағдарлау кезеңінің болуы, әрекеттің тиімді тәсілдерін пайдалану, әрекеттердің қызбалығы\салғырттығы, өзін-өзі бақылау)

Жұмыс қарқыны (оқу және оқудан тыс материалда) _____

Жұмысқа қабілеті (жеке және жалпы сабақтарда) _____

Жалпы хабардарлық және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау

Кеңістіктік-мезгілдік түсініктердің қалыптасқандығы _____

Қабылдау ерекшеліктері (көру қабылдау, емту-қимылдық үйлесімділік, стереогноз)

Зейіннің оқу және оқудан тыс жағдайдағы сипаты (шоғырлану, бөліну, ауысу)

Оқу материалын және өмірлік түсініктерді есте сақтау және еске түсіру ерекшеліктері

Ойлау ерекшеліктері:

- ойлаудың көрнекілік түрінің даму деңгейі

- сөздік-логикалық ойлау

Құрылымдық әрекеттесу ерекшеліктері _____

Сөйлеу тілдік дамудың жалпы сипаттамасы _____

Бағдарламалық материалды меңгеру ерекшеліктері:

Математика (сан, сан қатары мен оның қасиеті туралы түсініктер, санау дағдысы, арифметикалық есептерді шығару дағдысы) _____

Математиканы меңгерудегі қиындықтар, олардың себептері

Ана тілі (каллиграфилық жазу дағдысы, орфографиялық айтумен жатқа жазу дағдысы, мәтінді көшіріп жазу, грамматикалық тапсырмаларды орындау)

Әдеттегі қателіктер. Олардың туындау себептері.

Оқу:

- оқу қарқыны _____

- оқу тәсілі _____

- оқығанды түсінуі _____

- мәтінмен жұмыс дағдысы _____

- әдеттегі қателер _____

Олардың туындау себептері _____

Оқу әрекетінің жалпы сипаттамасы (уәж, бағдарлау негізі, жұмысты жоспарлау, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі бағалау)

Қорытынды

Маманның жоспарлаған шаралары

Тексеру күні _____

Маманның аты-жөні мен қолы _____

Әлеуметтік педагогтың тұжырымдамасы

Баланың Т.А.Ә. _____

Туылған күні _____ сыныбы/тобы _____

Жанұя құрамы

(тегі, есімі, жасы)

Толық жанұя немесе ата-анасы ажырасқан

Әлеуметтік-еңбектік ерекшеліктер (ата-анасының, баламен қатынасатын басқа да адамдардың кәсібі, мамандықтары)

Әлеуметтік-тұрмыстық ерекшеліктер (жанұядағы тұрмыстық міндеттердің бөлінуі, баланың жанұяда қандай көмек көрсететіні, баланың үйіндегі міндеттері)

Әлеуметтік-демалыстық (жанұя мүшелерінің бос уақыттарын өткізулері: қызығушылықтары, хобби)

Әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктері (баланы тәрбиелеу стилі, баланың тәрбиесіне және дамуына қанша уақыт бөлінетіні)

Әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері (құқықтық өткені мен қазіргісі, баланың жанұяда әлеуметтік-құқықтық қорғалуы)

Материалдық және баспаналық-тұрмыстық жағдайлары (астын сызу: өз үйі, жеке, жалға алынған пәтер, жатақхана, барак, өзінің баспанасы жоқ)

Баланың жеке бөлмесі, өзінің жұмыс орнының болуы

Тамақтануы (рационында қандай тағам басым, тамақтанудың жүйелілігі)

Ата-аналарының зиянды әдеттері (астын сызу: ішімдікті, есірткіні, шылымды және т.б. қолдануы)

Баланың есірткі және улы заттарға, ішімдікке, шылымға қатысы

Баланың жыныстық өмірі

Дінге қарым-қатынасы

Ата-аналық қатынастың ерекшеліктері және әлеуметтік қоршағандардың мінездемесі (үйден тыс)

Баланың әлеуметтік-психологиялық портреті:

Бала туралы ана-ананың пікірі: _____

Баланың артықшылығы: _____

Баланың кемшілігі:

Баланың өзі туралы пікірі:

Жағымды қасиеттері

Жағымсыз қасиеттері

Достарының болуы

Баланың өзіне, оқу әрекетінің нәтижесіне деген көзқарасы

Басқа мәліметтер

Қорытынды:

Ұсынымдар:

Маманның аты-жөні _____

Тексеру күні _____

Мазмұны

Кіріспе	3
1 Инклюзивтік білім беруді ұйымдастыру қолданыстағы тәжірибені талдау	5
2 Мультидисциплинарлық топтың қызметі бойынша шетелдік тәжірибені талдау	10
3 Психологиялық-педагогикалық консилиум шеңберінде мамандардың өзара әрекеттестігі	14
Қолданылған әдебиеттер тізімі	21
Психологиялық-педагогикалық консилиум туралы Ереженің жобасы	22
Қосымшалар	26